

# Almaty

## AQSHAMY



### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ҮЛГІСІ

Астана мен Сеул жан-жақты серіктестікті нығайтуға мүдделі

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №34 (6712) 10 сәуір, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ӘКІМ

# «АЛМАТЫ – ШАНХАЙ»

Бауырлас қалалардың байланысы артады



**Мегаполистер арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық байланысты нығайтуға бағытталған «Алматы – Шанхай» бизнес форумы өтті. Қытайдың іскер топтарының делегациясын Шанхай мэрі Гун Чжэн бастап келді. Іс-шара мемлекеттік органдардың өкілдерін, бизнес қауымдастықты және сала мамандарының басын қосып, өзара әріптестіктің жаңа көкжиектерін айқындауға мүмкіндік берді.**

Суреттері түсірілген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

3

РЕНОВАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ

## ЖАҢА ҚОНЫС

Жүздеген алматылыққа пәтер кілті табысталды

**«Алматы қаласының тұрғын үйін 2030 жылға дейін жаңарту бағдарламасы» аясында ескі тұрғын үй иелері жаңа пәтердің кілтін алды. 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша 204 тұрғын жаңа пәтер иесі атанды.**

Пәтерлер таза әрлеумен тапсырылып, қажетті инфрақұрылыммен толық жабдықталған. Атап айтқанда, интернет желісі қосылған, өртке қарсы жүйелер орнатылған, сантехника мен асүй жабдықтары, соның ішінде газ немесе электр плиталары қарастырылған.

Қоныс аудару жұмыстарын «Almaty Renovation» ЖШС «Алматы» ӘКК» АҚ-мен және жеке инвесторлармен бірлесіп жүзеге асырды. Тұрғындарға «бөлмеге – бөлме» қағидаты бойынша баспана ұсынылды немесе бұрынғы жылжымайтын мүлкінің нарықтық құнына сәйкес ақшалай өтемақы төленді.

Биыл жалпы саны 95 үйді бұзу жоспарланып отыр. Ғимараттарды көшіру және бұзу жұмыстары тек барлық меншік иелерінің келісімімен жүргізіледі. Ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін берілетін пәтерлерде олар үшін барлық жағдай қарастырылған. Жыл соңына дейін «Алматы» ӘКК» АҚ, «Almaty Renovation» ЖШС және инвесторлардың күшімен 1165 адамды жаңа пәтермен қамтамасыз ету жоспарланған.



Суретті түсірілген Самал СЕРІКБАЙҰЛЫ.



www.aqshamnews.kz





## БАЙЫПТАМА

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ҮЛГІСІ

## Астана мен Сеул жан-жақты серіктестікті нығайтуға мүдделі

Осы аптада ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасы Президентінің арнаулы өкілі – Президент Әкімшілігінің басшысы Кан Хун Шикті қабылдады. Мемлекет басшысы Корея Республикасы Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктестерінің бірі саналатынына назар аударып, екі-жақты ықпалдастық қарқынына жоғары баға берді. Әңгімелесу барысында екіжақты күн тәртібіндегі көптеген мәселе, соның ішінде жаһандық нарықтағы қазіргі сын-қатерлерге байланысты энергетика, көлік-логистика салаларында ықпалдастық аясын кеңейту перспективасы талқыланды.

### Стратегиялық әріптестік

Қазақстан Президенті Корея Республикасы Президентінің арнаулы өкілі – Президент Әкімшілігінің басшысы Кан Хун Шикпен кездесуде Астананың екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады. Бұдан бөлек, Кан Хун Шиктің арнаулы өкіл ретінде елімізге жасаған сапарының маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мёнге ыстық лебізін жолдады.

Ресми Астана бұл кездесуге өзіндік айрықша маңыз бергені мәлім. Себебі, еліміз үшін Корея Республикасының жаңадан сайланған Президенті және оның үкіметімен жоғары дипломатиялық қарым-қатынасты жолға қоюға белгілі деңгейде мүдделілік танытып отыр.

Ли Чжэ Мён билікке келгеннен бері Астана–Сеул арасындағы дипломатиялық алмасуларға назар аударып келдік. Ең алдымен 2025 жылы 4 маусымда Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Чжэ Мёнді Корея Республикасының Президенті болып сайлануымен құттықтады. Президент құттықтау жеделхатында екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті жандандырып, түрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтас-



(Дереккөз: Akorda.kz)

тықты одан әрі нығайту үшін күш-жігер жұмылдыруға дайын екенін растаған болатын. Сондай-ақ, Ли Чжэ Мённің аса жауапты қызметіне сәттілік, достас Корея халқына құт-береке тіледі. Себебі, бұл кезде жаңа Президент елдегі саяси дағдарыстан кейін билікке келіп жатқан еді.

Ал 2025 жылы 22 желтоқсанда Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Чжэ Мёнді туған күнімен құттықтады. Президент жеделхатта Корея Республикасы Қазақстанның Азиядағы сенімді серіктесі екенін атап өтіп, екі ел арасындағы зор әлеуетке ие ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ерекше мән беретінін жеткізген. Сонымен қатар, Корея Президентімен бірге күш-жігер жұмылдыра отырып, кеңейтілген стратегиялық әріптестікті жаңа деңгейге көтеруге әзірлігін тағы да растаған.

Кан Хун Шиктің арнаулы өкіл ретінде елімізге жасаған сапары Астананың осындай дипломатиялық ұмтылыстарына жасалған жоғары деңгейдегі жауап деп тануға болады.

Қос тараптың дипломатиялық алмасуды жандандыруға деген ынтымақсызды тек екі елдің ғана қарым-қатынасы жатқан жоқ. Орталық Азия+Корея Республикасы форматындағы байланысты нығайтудың маңызы да Астананың дипломатиялық ұмтылыстарының бағытына кіреді. Бұл бағытта да қазақстандық дипломатия жетістікке жетті. Кездесу соңында Кан Хун Шик Президент Ли Чжэ Мённің Қазақстан Президентін Корея Республикасына сапармен келуге және биыл қыркүйек айында Сеулде өтетін «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитіне қатысуға шақыратынын айтты.

### Кең ықпалдастық

Кездесуде арнаулы өкіл Корея Республикасының сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды күшейту, сондай-ақ түрлі салада бірлескен жобаларды іске асыру арқылы өзара қарым-қатынасты мүлдем жаңа

деңгейге шығаруға айрықша маңыз беретіндерін мәлімдеді.

Сондай-ақ, әңгімелесу барысында екіжақты күн тәртібіндегі көптеген мәселе, соның ішінде жаһандық нарықтағы қазіргі сын-қатерлерге байланысты энергетика, көлік-логистика салаларында ықпалдастық аясын кеңейту перспективасы талқыланды.

Энергетика және көлік-логистика мәселелері басты тақырып болуы бекер емес. Таяу Шығыстағы әскери-саяси дағдарыс осы салаларға қатты әсер етуде. Әсіресе, мұнай импортына тәуелді елдердің экономикасына ауыр соққы болып тиюде. Олардың қатарында Корея да бар. Корея Республикасы 70% мұнайды Таяу Шығыс елдерінен импорттайды. Ал ондағы дағдарыс баламалы нарықты іздестіруге түрткі болды. Мұндай жағдайда Қазақстан өз шикізатын экспорттау көлемін арттыруға мүмкіндік алады. Алдағы екіжақты және көпжақты кездесулерде осы тақырып өзекті бола түспек.

Қазақстан Кореяға экспорт көлемін арттыра алады. Біздің негізгі экспорттық тауарларға шикі мұнай, қара металдар, саф болат пен темір кіреді. Соңғы уақытта Сеул жиі бағытын да дамытуға мүдделі екенін мәлімдеуде. Осыған орай сирек кездесетін металдарды да экспорттауға мүмкіндік бар. Тек пайдалы қазбаларды экспорттау ғана емес, оларды барлау, өңдеу мәселелерін де талқылауға болады.

Корея Республикасы біздің негізгі инвесторлардың бірі. Елімізде Samsung Electronics, Hyundai, Kia, Lotte Confectionary, POSCO, BGF Retail (CU) секілді компания өкілдері жұмыс істейді.

Қазақстандықтар тарапынан Корея елінің өнімдеріне де сұраныс жоғары. Мұны ресми статистика да дәлелдеп отыр. Корея Республикасы Қазақстанның импортындағы негізгі әріптес саналып, төрттіккес енген. Статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 2025 жылғы еліміздің импортындағы негізгі әріптес елдердің үлесі мынадай: Ресей (29,7%), Қытай (29,2%), Германия (4,8%), Корея Республикасы (3,5%), АҚШ (3,3%), Франция (2,4%).

Осылайша Қазақстан дипломатиялық қадамдар арқылы Корея Республикасымен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға және сауда-экономикалық, инвестициялық байланысты арттыруда.

Пердехан ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

## ЖАҢА ДИЛЕРЛІК ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ



Алматыда Allur | MG жаңа дилерлік орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл оқиға Қазақстанның автомобиль нарығындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде бағаланып, саладағы халықаралық ынтымақтастықтың жаңа деңгейге көтерілгенін аңғартты.



Дастан  
ҚАСТАЙ

Жаңа дилерлік орталық MG брендінің жаһандық стандарттарына толық сай келетін заманауи кеңістік ретінде іске қосылды. Мұнда келушілер көліктермен танысып, тест-драйвтан өтіп қана қоймай, сервистік және кепілдіктен кейінгі қызметтерді де пайдалана алады. Орталықтың ашылуы қазақстандық тұтынушылар үшін MG көліктерінің қолжетімділігін арттырып, клиенттік қызмет сапасын жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Іс-шараға Қазақстан мен Қытай тарапынан бірқатар мәртебелі меймандар қатысты. Олардың қатарында SAIC Motor International басқарма төрағасы Ван Сяоцю, Allur компаниялар тобының дистрибуция жөніндегі вице-президенті Максим Андреевич Мягчилов, Шанхай қаласының мэрі Гун Чжэн, Қытай Халық Республикасының Алматыдағы Бас консулы Су Фанцюй, Шанхай қаласы үкіметінің бас хатшысы Ма Чунлэй, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Мұх-

тарұлы Смағұлов және MG дистрибуциясының бас директоры Азамат Алкан болды.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген Allur компаниясының дистрибуция жөніндегі вице-президенті Максим Мягчилов мұны аталған брендті дамытудағы маңызды қадам ретінде атап өтті. Оның айтуынша, бұл жаңа көліктердің таныстырылымы ғана емес, SAIC Motor компаниясымен әріптестіктің нәтижесінде қалыптасқан жаңа тәжірибе және алғашқы модельдік өнімді таныстыру алаңы.

Сондай-ақ, ол SAIC компаниясының басшылығына, Шанхай қаласы әкімдігіне сенім мен ынтымақтастық үшін алғыс айтып, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауын ерекше атап өтті.

Қазір Қазақстандағы MG модельдік қатары түрлі қажеттілікке бейімделген бірнеше көліктен тұрады. Атап айтқанда, MG 5 қалалық седаны, MG ZS ықшам кроссовері, MG HS технологиялық кроссовері және MG RX9 флагмандық жол талғамайтын көлігі ұсынылған.

Бүгінде Allur MG бренді бойынша ресми дистрибьютор әрі өндірістік серіктес ретінде ел аумағында 10 дилерлік орталықты дамытып отыр. Олар Алматы, Астана, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Семей, Шымкент, Көкшетау және Ақтөбе қалаларында орналасқан. Компания 2026 жылдың соңына дейін бұл желіні 24 орталыққа дейін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Алматыдағы жаңа дилерлік орталықтың ашылуы – жәй ғана жаңа автосалонның іске қосылуы емес. Бұл – Қазақстандағы автомобиль саласының дамуы, халықаралық әріптестіктің нығаюы және тұтынушыларға заманауи өнім мен сапалы қызмет ұсынуға бағытталған нақты қадам.



# «АЛМАТЫ – ШАНХАЙ»

## Бауырлас қалалардың байланысы артады

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды бұл кездесудің тарихи мәніне тоқталып, оның екі қала арасындағы бауырластық қатынастардың жаңа белесін білдіретінін айтты. Әрі Алматының қытай инвестициясы үшін негізгі орталықтардың бірі болып қала беретінін жеткізді. Бүгінде қалада Қытай капиталы бар шамамен, 6 мың компания жұмыс істейді, ал Қытаймен тауар айналымы 9,5 млрд. доллардан асты.

### Инвестиция қақпасы

Сонымен қатар, Алматыда толыққанды Almaty AI Park құру, деректерді өңдеу орталықтарының желісін дамыту көзделген. Туризм саласында да ірі бастамалар қолға алынбақ. Соның ішінде Алматы тау кластері жобасы Орталық Азиядағы жыл он екі ай жұмыс істейтін ең ірі туристік бағыттардың біріне айналып, халықаралық сапа, сервис және экологиялық талаптарға толық сай болмақ. Бұған қоса, заманауи логистикалық хабтар, тарату орталықтары мен электронды сауда инфрақұрылымын бірлесіп дамытуға кең мүмкіндік бар.

– Біз Шанхайдың аумақтарды кешенді дамыту мен заманауи көлік шешімдерін енгізудегі тәжірибесін зерделеп отырмыз. Алматы ірі жобаларды жүзеге асыруға шанхайлық құрылыс компанияларын, сәулет және инженерлік ұйымдарды тартуға мүдделі. Бұл сапар өзара ынтымақтастыққа жаңа серпін беріп, өзара іс-қимылды жаңа сапалы деңгейге көтереді, – деді Дархан Сатыбалды.

Өз кезегінде Шанхай мэрі Гун Чжэн Алматы мен Шанхайдың елдеріндегі ірі экономикалық орталықтар ретінде екіжақты қарым-қатынастарды дамытуда шешуші рөл атқаратынын атап өтті. 2025 жылы екі қала ресми түрде бауырлас атанып, тікелей әуе қатынасы жолға қойылды. Энергетика, технология және



гуманитарлық алмасу салаларындағы байланыс жаңа қарқын алды.

– Шанхай Алматымен қаржы, машина жасау, логистика және «жасыл» энергетика салаларындағы ықпалдастықты кеңейтуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, қытайлық компаниялардың Қазақстан нарығына шығуына қолдау көрсетеміз. Инновация мен жоғары технология саласындағы әріптестікті де күшейтеміз, өйткені бұл – болашақ өсімнің негізгі қозғаушы күші. Біз Алматымен бірге жан-жақты ынтымақтастықты дамытып, ортақ өркендеудің жаңа белесіне шығуды мақсат етеміз, – деді Гун Чжэн.

Ал ҚХР Алматыдағы Бас консулы Су Фанцю Алматы мен Шанхай жоғары технология мен орнықты даму салаларындағы ынтымақтастықты күшейтіп, экономикалық өсімнің жаңа бағыттарын айқындағанын атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыс барлық деңгейде

жүйелі түрде нығайып келеді. Ал өзара сенімнің жоғары деңгейі әріптестікті одан әрі кеңейтуге берік негіз қалайды.

Форум қорытындысы бойынша 2,7 млрд. АҚШ долларынан асатын бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бірқатар стратегиялық маңызды меморандум мен келісімге қол қойылды.

### Табысты бастама

Алматыда өткен «Алматы – Шанхай» бизнес форумы аясында Beijing Fuxing Yihua Technology Co., Ltd. компаниясының инвестициялық жобасы таныстырылды. Бастама аясында қалада тау-кен өнеркәсібіне бағытталған ғылыми-зерттеу институтын ашу жоспарланып отыр.

Жоба минералдық шикізаттың құрамын талдауға, байыту сынақтарын жобалауға және металлургиялық үдерістерді әзірлеуге маманданбақ. Бейжіңдегі Fuxing Yihua компаниясының өкілдері Қазақстан тау-кен саласында айтарлықтай әлеуетке ие екенін айтты. Алайда, бірқатар бағыттарда ғылыми-технологиялық сараптама тапшылығы сақталып отыр.

– Қазақстан – тау-кен өндірісі қарқынды дамыған ірі елдердің бірі. Минералдық шикізатты талдау, байыту сынақтарын жүргізу және металлургиялық үдерістерді әзірлеу бағыттарында әлі де сұраныс бар. Біз бұл нарықтың мүмкіндігін жоғары бағалаймыз, – дейді компания өкілдері.

### Бірлескен жұмыс

Қытайдың Shanghai Construction Group Алматыдағы инфрақұрылымдық және қалалық жобаларға қатысу аясын кеңейтуді көздеп отыр. Бұл туралы компанияның вице-президенті Сюэ Юншэн

«Алматы – Шанхай» бизнес форумы барысында мәлімдеді.

Оның айтуынша, Қазақстан «Бір белдеу – бір жол» бастамасын жүзеге асыруда маңызды орынға ие. Соңғы жылдары Орталық Азия бұл бастаманың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Компания өкілі Shanghai Construction Group Қазақстан аумағында бірқатар ірі жобаны жүзеге асырғанын жеткізді. Сонымен қатар, компания «жасыл» энергетика бағытында да белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Оның ішінде Қазақстанда қоқыс өртеу зауытын салу жобасына қатысуда.

Алматыда компания жаңа бастамаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Олардың қатарында көрме орталығын салу және көлік жүйесін кешенді жоспарлау жобалары бар. Бұл жобалар қалалық инфрақұрылымды дамытуға, көлік жүйесін жаңғыртуға және туризм мен бизнес үшін жаңа тартымды нысандар қалыптастыруға бағытталған.

### Ортақ 15 жоба

Қытайлық Wontai Group компаниясы Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері бойынша 15 жобаны жүзеге асырды. Бұл туралы компания төрағасы Нань И «Алматы – Шанхай» бизнес форумында мәлімдеді.

Оның айтуынша, компания Орталық Азия нарығына 2018 жылы кірген. Содан бері қазақстандық серіктестермен бірге күн энергетикасы мен энергия сақтау жүйелері бағытында бірнеше жобаны жүзеге асырып, пайдалануға берген.

– Қазір іске қосылған 15 жоба «жасыл» электр қуатын өндіруге мүмкіндік беріп отыр. Бұл өңірдегі орнықты энергетиканы дамытуға қосылған елеулі үлес, – деді Нань И.

Ол Қазақстанның компания үшін негізгі шетелдік нарықтардың біріне айналғанына тоқталды. Бұған қолайлы инвестициялық ахуал, тұрақты мемлекеттік саясат және энергетика саласының жоғары даму әлеуеті әсер еткен. Кейінгі жылдары елде инвесторлар үшін жағдай айтарлықтай жақсарып, әсіресе, энергетика секторында нарықтық механизмдер дамып, реттеу ашық бола түскен.

Сонымен қатар, Нань И. Алматы мен Шанхай арасындағы іскерлік және көлік байланыстарының нығайып келе жатқанын айтты. Әуе қатынасы кеңейіп, бизнес қауымдастықтар арасындағы өзара әрекет күшейген. Қазақстан жолдарында қытайлық электр көліктері көбейіп келеді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Әзірлеген  
Досбол АТАЖАН.



# АЛМАТЫДА АРДАГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің XI есеп беру – сайлау конференциясы «Аманат» партиясы филиалының мәжіліс залында өтті. Қалалық Ардагерлер кеңесінің мәліметінше, мегаполисте 264 280 зейнеткер тұрады.**

Нұрлан  
СҮЙІН

Кезекті конференция Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 35 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылды. А.Би-

жанов төрағалық ететін қалалық Ардагерлер кеңесі – еліміздің ең ірі мегаполисіндегі белсенді ұйымдардың бірі. Ардагерлер жаңа Конституция қабылданған референдумда белсенділік пен бірліктің үлгісін көрсетті. Қалалық кеңес құрамында сегіз аудандық кеңес жұмыс істейді.

Бүгінде қалалық ардагерлер қатарында: 17 Ұлы Отан соғысының ардагері, 4888 тыл еңбеккері, 18 Ленинград қоршауын бастан өткерген азамат, 12 ҰОС кезіндегі концлагерь тұтқыны, 2608 саяси қуғын-сүргін құрбаны бар.

Ардагерлер кеңесінің жұмысы Президиум бекіткен жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Есепті кезеңде 7 пле-

нум, 26 Президиум отырысы өткізілді. Бұл жиындарда қалалық Ардагерлер кеңесінің қызметі мен ардагерлердің әлеуметтік-экономикалық мәселелері қаралды.

Мегаполисте ардагерлердің 45 көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс істейді. Алматыда өтетін спорттық іс-шараларға шамамен, 10 мың зейнеткер қатысады. Соңғы бес жылда қаладағы зейнеткерлер саны 34 мыңға артқан. Қазіргі таңда мегаполисте «Белсенді ұзақ өмір сүру» жобасы аясында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып жатыр.

Қалалық Ардагерлер кеңесінің XI есеп беру – сайлау конференциясына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүке-

нов, Астанадан келген Ардагерлер орталық кеңесі төрағасының орынбасары Абай Тасболатов, сондай-ақ Алматы қаласы «Аманат» партиясы филиалының төрағасы Станислав Канкуров қатысты.

Конференция барысында сөз сөйлеген қала әкімінің орынбасары А.Нүкенов ардагерлердің қоғамдағы орны айрықша екенін атап өтті.

«Біз – сіздер іргесін қалаған тәуелсіз елдің жалғастырушы ұрпағымыз. Бүгінгі көркем қала – Алматы сіздердің еңбектеріңіздің жемісі. Біз сіздерден тәлім алып, өнеге көріп өскен ұрпақпыз. Сондықтан сіздер аман болып, ортамызда жүре беріңіздер», – деді ол.

Конференцияда баяндама жасаған қалалық кеңес төрағасы А.Бижанов атқарылған жұмыстардың қорытындысын таныстырып, Алматы әкімдігінің ардагерлерді жан-жақты қолдап отырғанына тоқталды. Сондай-ақ, алдағы уақытта да ардагерлерге қолдау көрсетіле беретіні айтылды. Ардагерлердің өтінішіне сәйкес «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының саны артатыны мәлім болды.

Конференция барысында делегаттар мен аудандық кеңес төрағалары жарыс-сөзге шығып, қалалық кеңестің жұмысына «қанағаттанарлық» деген баға берді.

**Жиын қорытындысында қалалық Ардагерлер кеңесінің жаңа құрамы бекітіліп, Астанада өтетін Қазақстан Республикасы Ардагерлер кеңесінің съезіне делегаттар сайланды.**

**Достық үйінде Алматы қаласы әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов төрағалық етті.**



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

## СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК

### Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысы талқыланды

Досбол  
АТАЖАН

Кеңес отырысына үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) өкілдері, қалалық басқармалардың басшылары мен орынбасарлары қатысты. «Дөңгелек үстелде» қалалық үкіметтік емес ұйымдардың қызметі, ҮЕҰ-мен қоғамдық тыңдаулар мен әлеуметтік инновациялардың жаңа форматы, сондай-ақ «Таза Қазақстан», «Заң мен тәртіп», «Адал азамат» идеологиялық бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Абзал Нүкенов үкіметтік емес ұйымдар қоғам мен мемлекеттік билік арасындағы дәнекер екенін атап өтті. Оның айтуынша, азаматтық сектор арқылы Алматыда қоғамдық диалог қалыптастырудың маңызы ерекше.

– Мемлекет басшысы әрқашан түрлі салаларда азаматтық сектордың әлеуетін

пайдаланудың маңыздылығын атап өтеді, ал Алматы осы ынтымақтастықтың жарқын үлгісі болып келеді. Бүгінгі күн тәртібінде ҮЕҰ-мен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл кеңесінің қызметіне қатысты мәселелер тұр. Біз ҮЕҰ-мен тек бірлесіп жұмыс істеп қана қоймаймыз, азаматтық секторды ортақ міндеттерді, әсіресе, әлеуметтік саладағы міндеттерді іске асыруда мемлекеттің лайықты серіктесі ретінде қолдаймыз, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары.

Кеңес отырысы кезінде Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Айдар Есенбеков ҮЕҰ жұмысы туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, қаламызда 4295 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Оның ішінде: қоғамдық бірлестіктер – 1462, қоғамдық қорлар – 1763, мекемелер – 425 және заңды тұлғалар бірлестігі – 397.

– Бұл еліміздегі үкіметтік емес ұйымдардың 20%-дан астамы. Сондықтан мемлекеттік органдар үшін Алматы қала-

сында бұл белсенді топпен бірлесе отырып, өзара серіктестік негізінде жұмыс жүргізу аса маңызды. Қазіргі уақытта азаматтардың сұраныстары өзгерді. Осыған байланысты үкіметтік емес ұйымдардың рөлі айтарлықтай артып отыр. Өйткені, әлеуметтік мәселенің тиімді әрі инновациялық шешімдерін ұсынатын маңызды институт – ол үкіметтік емес ұйымдар, – деді ол.

Ол сонымен бірге, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көптеген бағыттарды қамтып отырғанын атап өтті. Олардың қатарында халықтың осал топтарын қолдау, мүгедектер мен денсаулық сақтау саласы, спортты дамыту, экологиялық бастамалар, жастар саясаты, жұмыспен қамту мәселелері, азаматтық қоғам құқықтарын қорғау және т.б. бар. 2026 жылы ҮЕҰ арқылы 112 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Оның ішінде: Ішкі саясат басқармасына – 16 жоба, Дін істері басқармасына – 6 жоба, Жастар саясаты

басқармасына – 45 жоба, сондай-ақ Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына – 8 жоба, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына – 2 жоба және қаланың 8 ауданы бойынша тағы 35 жоба бөлінген.

– Бұл жобалардың басым бөлігі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Олардың қатарында «Бақытты отбасы», «Шыңға өрлеу», «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы және «Тең қоғам» сияқты маңызды бастамалар бар. Мүгедектері бар жандарды қолдау саласында инновациялық, «Шексіз өмір», «Жаңа өмір», «Инвактивті қызметі және арнайы кресло-арбаларды жөндеу орталықтары жұмыс істейді. Ал жастар саясаты бойынша «Мансап орталығы», «Жас еңбек», «City Makers», «Назар аудар» және «Азамат» сияқты қызықты әрі ауқымды жобалар қолға алынған, – деді Айдар Есенбеков.


Іс-шара барысында Қоғамдық денсаулық сақтау, Дін істері және Жастар саясаты басқармаларының есептері тыңдалды. Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері өзара бірлескен жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған өз ұсыныстарын айтты. Кездесу аяғында азаматтық қоғамды қалыптастыруға қосып жатқан үлесі үшін ҮЕҰ өкілдері тиісті Алғыс хаттармен марапатталды.



## АЛМАТЫ ПОЛИЦИЯСЫ

# Қалада қауіпсіздік күшейтілді

Алматы қаласында ойын-сауық мекемелеріне бақылау күшейтілді. Бұл туралы Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы Айдын Кабдуллин мегаполис тұрғындарымен есептік кездесу барысында мәлімдеді. Оның айтуынша, құқық бұзушылықтар тіркелетін және қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін демалыс орындарына ерекше назар аударылуда.

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

«Әрбір ойын-сауық мекемесі заң аясында жұмыс істеуге тиіс. Егер онда құқық бұзушылықтар жүйелі түрде орын алса, қызметін тоқтатуға дейін қатаң шаралар қабылданады», – деді Айдын Кабдуллин.

Жыл басынан бері полицияның бастамасымен бұрын құқық бұзушылықтар мен қылмыстар тіркелген 10 нысанның қызметі тоқтатылды. Қабылданған шаралар құқық бұзушылықтардың жолын кесіп қана қоймай, ондаған ықтимал оқиғаның алдын алуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, 845 кәсіпкерлік субъектісі бойынша уәкілетті органдарға тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынымдар жолданды.

Қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында заманауи технологияларды енгізуге де ерекше көңіл бөлінуде. Осы орайда қала аумағында тұлғаны тану функциясы бар бейнебақылау жүйелерін орнату бастамасы көтерілді.

«Қауіпсіздік – бір реттік шара емес, бұл – жүйелі жұмыс. Біз заң баршаға міндетті болатын, ал тәртіп қалыпты жағдайға

айналатын ортаны кезең-кезеңімен қалыптастырып келеміз», – деді ол.

Алматыда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс күшейтілді. Қаланың бас полицейінің пікірінше, мегаполистегі көлік ағынының жоғары болуына байланысты жолдағы тәртіп – қауіпсіздіктің негізгі факторларының бірі болып қала береді.

«Жолдағы әрбір құқық бұзушылық – адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген әлеуетті қауіп. Біздің міндет – мұндай фактілерді анықтау ғана емес, сонымен қатар жол қозғалысына қатысушылардың барлығында жауапты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру», – деп атап өтті Айдын Кабдуллин.

Жыл басынан бері қалада жол қозғалысы ережелерін бұзудың шамамен 850 мың дерегі анықталып, жолы кесілді. Оның ішінде 700-ден астам көлік құралын мас күйде басқару фактісі, 724 – көлік жүргізу құқығынсыз басқару дерегі, сондай-ақ 960 – бұрын жүргізуші куәлігі-



(Сурет: ашық дерекзөден)

нен айырылған тұлғалардың рөлге қайта отырған жағдайлары тіркелді. Сонымен қатар, адам өміріне тікелей қауіп төндіретін өрескел бұзушылықтар да тоқтатылды. Атап айтқанда, жалған мемлекеттік тіркеу нөмірлерін пайдалану және қарсы бағытқа шығу фактілері анықталып, жолы кесілді.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдын КАБДУЛЛИНОВ,  
Алматы қаласы Полиция  
департаментінің басшысы:

## Әр азаматқа ортақ таңдау

Жол қауіпсіздігі – тек бақылау емес, бұл – ортақ жауапкершілік. Заң талаптарын сақтау және өзара құрмет арқылы ғана біз адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтай аламыз.

Жыл басынан бері азаматтарға тиісу және қайыршылық жасау деректері бойынша 2 мыңға жуық адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал отбасылық-тұрмыстық салада құқық бұзушылықтар саны 9%-ға төмендеді. Отбасында зорлық-зомбылыққа жол берген 500-ден астам тұлға қоғамнан оқшауланып, тиісті жауапкершілікке тартылды.

Алматы тұрғындарының басым бөлігі – заңға бағынатын, жауапкершілігі жоғары азаматтар. Дәл осы азаматтар қаладағы тәртіп пен қауіпсіздіктің берік негізін қалыптастырады. Сонымен қатар, заң талаптарын әдейі бұзып, қоғамға қауіп төндіретін тұлғалар да бар. Мұндай әрекеттерге полиция тарапынан қатаң әрі жедел шаралар қабылданды.

Әрқайсымыз қауіпсіз, жайлы әрі таза Алматыда өмір сүргіміз келеді. Заң мен тәртіп – әр азаматтың таңдауы.

Бұдан бөлек, жол инфрақұрылымын жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан бері көше-жол желісіне 670 тексеру жүргізіліп, оның нәтижесінде 600-ден астам ұйғарым енгізілді. Жолдардың жай-күйіне жауапты 42 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

## БРИФИНГ

## Курсант болғың келе ме?

Алматыда ИМ академиясына қалай түсуге  
болатыны айтылды

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Қазақстан Республикасы ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясына түсудің ережесіне қатысты брифинг өтті. Онда Академия өкілдері талапкерге қойылар талапты, білім беру бағдарламалары мен оқудың артықшылығы туралы баяндады.

Дана  
САДЫРҚАН

Биыл академияның құқық қорғау саласына маман даярлай бастағанына 70 жыл толыпты. Аға оқытушы Жұлдыз Арыстанғалиеваның айтуынша, оқу орны криминалдық және әкімшілік полиция, киберполиция және IT бағыты бойынша маман даярлайды.

«Біздің академияға түсерде жәй ғана оқу орнын таңдап қана қоймай, заңға, қоғам мен мемлекетке қызмет етуге саналы қадам жасайсыз. Курсанттар алғашқы күннен бастап теориялық біліммен бірге, болашақ қызметке қажетті тәжірибелік дағдыны да меңгеріп шығады», – деді Жұлдыз Арыстанғалиева.

Курсанттарға тегін жатақхана мен тамақ беріліп, киім-кешекпен қамтамасыз етіліп, ай сайын шәкіртақы алып отырады. Оқу мерзімі еңбек өтіліне қосылып есеп-



теліп, ол мерзімді әскери қызметпен теңестіріледі.

Оның айтуынша, академияны бітірген түлектерге полиция лейтенанты шені беріледі, үздік аяқтағандары жоғары шен алуы да әбден мүмкін.

Құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының оқытушысы Гүлзар Қадірберлина қазір академияда алты негізгі бағыт бойынша даярлық жүргізетінін айтты. Арасында киберқылмыс пен IT-криминалистика да бар.

«Бұл уақыт талабына толық жауап беретін мамандықтар. Қазіргі цифрландырылған заманда, киберқылмысқа қарсы күрес пен IT саласы өзекті», – дейді. Курсанттар мұнда теориямен қатар тәжірибелік дайындықтан өтіп, кәсіби офицер болып қалыптасады.

«Барлық түлек 100 пайыз жұмысқа орналасады. Оқу еңбек өтіліне кіреді, үздік бітірген жағдайда жоғары шен алуға мүмкіндігі бар», – дейді спикер.

Айта кетейік, талапкер академияға түсу үшін ҰБТ-дан кемі 50 балл жинауы керек, әр пән бойынша белгіленген шектік балл сақталуы тиіс. Құжат қабылдау басталды, оған тұрғылықты жердегі полиция бөлімі арқылы, не онлайн өтініш бере алады.

Жекелеген санаттағы талапкер, ҰБТ-дан жоғары балл жинағандар, «Алтын белгі» иегері мен спорттық атағы барлар байқаусыз қабылдануы мүмкін.

## КЕЗДЕСУ

## Дзюдошы ару Әбиба

Ұлттық ұланның әскери қызметшілерімен кездесті

Ұлттық ұланның Алматыдағы 5571 әскери бөлімінің жеке құрамы танымал спортшы, дзюдодан халықаралық жарыстардың жүлдегері, IJF 3 дан иегері Әбиба Әбужақыновамен кездесу өткізді.

Нұржамал  
ӘЛІШ

Спортшы арумен диалог жылы әрі әсерлі атмосферада өрбіді. Аталған іс-шара салауатты өмір салтын насихаттау және жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

Кездесу барысында спортшы ару жетістіктері мен жеңіске жету жолындағы табандылығы туралы әңгімелеп берді.

– Әрбір жетістік үздіксіз еңбектің, темірдей тәртіптің және өз мақсатыма сөзсіз жетемін деген сенімнің нәтижесі. Қандай салада болмасын, адам өзіне талап қоя білсе, кез келген биікті бағындыра алады», – деді Әбиба спортшы.

Сондай-ақ, ол дзюдо спортының қыр-сырымен бөлісіп, әскери қызметшілердің сауалдарына жауап берді.

Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Алматы қаласының ұлтаралық және конфессиялық келісім орталығының өкілдері Болат Оспанов,



Долкунтай Абдулхалил, Руслан Калиоллаев, Даут Мохаммад, Манас Ташыбеков, Салтанат Лекерова, Бекарыс Әбділдабеков, сондай-ақ Алматы қаласы Полиция департаментінің есірткіге қарсы күрес жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция майоры Сұлушаш Досболова қатысты.

Мұндай мазмұнды кездесулер әскери қызметшілердің рухын көтеріп, олардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға және салауатты өмір салтын ұстануға тың серпін беретіні сөзсіз.



Суреттері түсіретін Самал СЕРІКБАЕВЛА

Күні кеше дүбірлеп өткен Наурыз мейрамында Алматы ипподромында Динара Сайдалина түймен желпі келе жатып жамбы атудан әлемдік рекорд орнатты. 100 метр қашықтықты 9 секунд 72 миллисекундта желпі өтіп, осы жылдамдықта 4 нысананы дәл көздеп атты. Осылайша оның есімі Global Book of records GBR кітабына енді.

# ТҮЙЕ

# ҮСТІНЕН ЖАМБЫ АТҚАН ҚЫЗ



### ЖЕТІ СУРАҚ

## Төзім мен күш-қайраттың үлгісі

«Топжарған» этно-мәдени орталығының мүшесі Динара Сайдалина Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлегі. Мамандығы – домбырашы. Көптеген байқаулардың лауреаты. Ал ұлттық спортқа қалай келді? Ол туралы рекордшы қыздың өзі айтсын.

### 1. Ат пен түйе үстінде отырып жамбы атудың айырмашылығы қандай?

– Ат пен түйенің шабысы екі бөлек. Түйе қозғалысы тұрақсыз келеді, көкке қарап секіріп, жылқыны шабады. Сол кезде оның үстінде отырған адамға тепе-теңдік сақтау және нысананы дәлдеу қиын. Өзіңіз ойлаңыз, жүз метрді 9,075 секундта шауып келіп тұрған болса, он метрді 1 секундта бағындырып тұр деген сөз.

### 2. Нысананы дәл көздеудің құпиясы неде? Ал физикалық дайындық қаншалықты маңызды?

– Ат пен түйенің шабысы екі бөлек. Түйе қозғалысы тұрақсыз келеді, көкке қарап секіріп, жылқыны шабады. Сол кезде оның үстінде отырған адамға тепе-теңдік сақтау және нысананы дәлдеу қиын. Өзіңіз ойлаңыз, жүз метрді 9,075 секундта шауып келіп тұрған болса, он метрді 1 секундта бағындырып тұр деген сөз.

Бұл ұлттық спорт түріне нәліктен мән беріп отырымыз? Себебі, бұған дейін жамбы ату тек ат жалында орындалып келсе, енді түйе қомында да қорамсақты қыздардың қаршыға қимылы тәнті етіп отыр. Бұл түйе идея «Топжарған» этно-мәдени орталығының жетекшісі Ғабит Таңатовтікі.

Орталықта жастар тек теория емес, практикалық тұрғыда толыққанды дайындықтан өтеді. Атап айтқанда, құсбегілік (саятшылық өнері, бүркіт пен қыранды баптау); теңге ілу (ат үстіндегі ептілік пен шашаңдық-ты арттыру); жамбы ату (дәлдік пен мергендікті шыңдау); «джигитовка» (ат үстіндегі акробатикалық трюктер); көкпар (командалық рух пен күш-жігерді дамыту); аударыспақ (күш, айла және төзімділік саиысы) сынды ұлттық спорт және өнер түрлерін кәсіби деңгейде үйретеді. Сонымен қатар, жас таланттарды анықтап, кәсіби бағытта дамытады. Республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарға дайындайды. Әрбір қатысушының сахнада және спортта өз орнын табуына жол ашады.

Иә, «Топжарған» – ұлттық өнер мен спортты біріктіріп, болашақ чемпиондар мен рухы биік тұлғаларды тәрбиелейтін бірегей орталық. Бірегей деуге толық негіз бар. Себебі, ол – «Ең үздік ұлттық өнер орталығы» номинациясының үш дүркін (2021, 2022, 2023 ж.ж.) иегері.

Негізі, түйе үстінде жамбы ату рекордын ең алғаш Аружан Миравилдаева деген ару орнатқан болатын. Дәлірек айтсақ, 2023 жылдың күзінде «Топжарған» этно-мәдени орталығының ұйымдастыруымен қайырымдылық іс-шарасы өткен. Сол іс-шарада Ғабит Бердібайұлының шәкірті Аружан Қазақстанда тұңғыш рет түйе үстінде отырып, 100 метрді 12 секундта бағындырып, арақашықтығы 30 метр болатын 3 нысананы дәл көздеп, Қазақстанның КИНЭС рекордтар кітабына енді. Ал бүгінгі Динара қызымыз небәрі 9 секунд 75 миллисекундта топжарды.

«Топжарғанның» тағы бір елеулі жетістігі – оның белді мүшесі Жасұзақ Ернар 2025 жылғы 20 күрүйекте «Алматы қаласының күніне» орай Орталық ипподромда бір мезетте қос тұлпардың үстінде тік тұрып, сағатына 60 км жылдамдықпен 2 шақырымдық қашықтықты еңсеріп, жаңа рекорд орнатты. Аталған жетістік Global book of Records рекордтар кітабына және Қазақстанның КИНЭС рекордтар кітабына тіркелді.

Күні кеше Алматы ипподромында өзіміздің Жетісу ауданының 90 жылдық мерейтойына арналған іс-шарада да осы өнерлі жігітімиз тағы да топты жарып, ат үстінде тікесінен тік тұрып, екі қолын толық бос қойып, 500 метр қашықтықты небәрі 41 секунд 5 миллисекундта шауып өтіп, Global Book of records GBR кітабына енді.

Осындай өнерлі қыз-жігіттердің жаттықтырушысы һәм тәлімгері Таңатов Ғабит Бердібайұлының өзі де елге белгілі құсбегі, дәстүрлі өнерді жаңғыртушы. Республика күніне Қонаев қаласында өткен іс-шарада оның баптап дайындаған 2 жасар бүркіті еліміздің көк байрағын (өлшемі 1,50 м, ені 75 см) 18 м биіктікке дейін желбіреке көтеріп (бүркіттің ұшу қашықтығы 130 м), Қазақстанның КИНЭС рекордтар кітабына енді.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ғабит ТАҒАТОВ, «Топжарған» этно-мәдени орталығының жетекшісі:

### «ТОПЖАРҒАН» жамбы атудың тың жолын ұсынды

Біз үшін өнер – бұл тек қайталау емес, үнемі ізденіс пен жаңашылдық. Әрдайым қалыптасқан шеңберден шығып, ұлттық өнерге жаңа көзқарас әкелуге ұмтыламыз. Себебі, бүгінгі көрерменді таңғалдыру үшін тек дәстүрді сақтау жеткіліксіз, оны дамытып, жаңа деңгейге көтеру қажет деп есептейміз. Сол себепті, «Тағы қандай ерекше дүние жасай аламыз? Қалай ұлттық өнерді жаңа қырынан көрсете аламыз?» деген сұраққа жауап іздейміз. Ат үстіндегі жамбы ату өнерін барлығы біледі. Бірақ біз оны өзгеше форматта көрсеткіміз келді. Сөйтіп, «неге түйе үстінде садақ атласқа?» деген ой келді. Бұл – тек ерекшелік үшін жасалған қадам емес, қазақтың көшпенді мәдениетін тереңірек ашуға бағытталған идея. Түйе – халқымыздың тұрмысында ерекше орын алған, бірақ спорт пен сахналық өнерде сирек қолданылатын жануар. Біз осы олқылықтың орнын толтырғымыз келді. Әрине, бұл идеяны жүзеге асыру оңай болған жоқ. Түйенің қозғалысы, биіктігі, мінезі – бәрі аттан мүлде бөлек. Сол себепті, Динара шәкіртімді ұзақ уақыт бойы арнайы дайындап, тепе-теңдік, дәлдік, батылдық сияқты қасиеттерін шыңдадық. Бұл – үлкен еңбек пен табандылықтың нәтижесі. Сөйтіп, біз ешкім ойламаған, көрермен үшін жаңа әрі қызықты бағытты ұсына алдық. Шынайы өнер әрдайым осындай ізденістен, батыл шешімдерден және жаңалықтан туады деп білемін.



атпен шабу, аттың тізігін ұстамай-ақ, шауып келе жатып нысанға дәл тигізу. Демек, сіз бір сәтте үш қимылды бірге жасай аласыз. Сол себепті, бұл қимыл-қозғалыс адамның миының болсын, физикалық мүмкіншілігін болсын, өте қатты дамытады. Денсаулыққа да пайдалы. Кейде өзге өңірлерге барғанда байқаймын, ат ұстайтын үйлер жылқыны тек мінеді, шаруашылығына ғана пайдаланады дегендей. Ал қазақтың даласы кең ғой, жазық жерге бірнеше нысананы іліп қойып, баласын күнде жаттықтыруына болады. Ал садақ атып жүрген қатарласын көрген басқа балалардың да қызығушылығы оянары сөзсіз. Яғни ақыры үйлерінде ат ұстайды екен, қолда бар дүниені ұтымды пайдалана білсек.

### 5. Түйе жануармен қалай байланыс болады, мәселен, жылқымен иесі сөйлесіп жатады дегендей...

– Барлық жануарға да адамдар тарапынан мейірім, жылулық керек. Оны ұрып-соғып отыратын болсаңыз, әрине, ешқандай нәтиже бермейді. Ол да тірі жан. Онымен сөйлесеміз, алақанымыздың жылуын сезінсін деп сипаймыз. Оған сенетінімізді айтамыз. Жанында көп боламыз. Біздегі бес жасар Қаратау атты түйеміз сегіз жүз келідей тартады. Түйе жануары ұзақ, отыз жастан көбірек өмір сүреді. Сондықтан біздің Қаратау әлі талай бәйгеге шабады. Бірге атқарар идеямыз әлі көп.

Жалпы, түйе өте киелі жануар. Оның көз жасына қалмау керек деген секілді аңыздарды оқығаным бар-ды бала күнімде. Ол адамға адал қызмет жасау үшін жаратылған. Ешкімді ешқашан жарты жолда қалдырмаған. Бір түйе 200–300 келіге дейін жүк көтере алады. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабамызға көктеу, жайлау, күзеу, қыстауда ең сенімді көлігі болған. Түйені себепсіз ұрмаған, оған қарата ғайбат сөз айтпаған. Оны ренжіту – жамандық шақырады деп сенген. Сусыз үш ай шөл далада жүре беретін, бізге сабыр мен төзімнің, күш-қайраттың үлгісі бола алатындай жануар деп есептеймін.

### 6. Ата-анандың не ала алдығы?

– Мен бұл спорт түріне келмес бұрын тек өнер жолында жүрген адам едім. Анам домбырашы болған. Нағашыларым теріс өнерлі. Кішкентай күнімнен би де билеп, домбырамен ән де шырқап, тіпті волейболмен де айналысқанмын. Демек, анамнан өнерге жақындығым дарыған секілді. Ал әкемнен қайтпас мінезі, жүректілігін алдым деп ойлаймын.

### 7. Жаныңыз жабырқаған сәттері неден жұбаныш іздейсіз? Есіңізде қалған, өзіңізге жасалған ең әдемі сыйлық қандай?

– Жаным жабырқаған сәтте қолыма домбырамды аламын. Жылағым келсе де домбырада ойнаймын. Қуанған сәттерімде де бірден домбырама қол созамын. Мәселен, мен төрт-бес сағаттап домбыра шертіп отыра беремін. Ол мен үшін өте үлкен терапия. Мым демалады. Ойларым бір жерге шоғырланады. Бүгінде анам сыйлаған домбырама он жылдай болды, әлі күнге күйі кетпеген, күмбірлеп тұр. Қоңыр домбырамнан жан тыныштығын табамын.



Нуржамал Әлшін, журналист.



### ШАХМАТ

## ӘЛЕМДІК БӘСЕКЕ АЛМАТЫДА БАСТАЛДЫ

Шахматтан әлемдік бәсекенің алғашқы кезеңі Алматыда басталды. Қалада 7–10 сәуір аралығында World Schools Team Championship 2026 турнирінің азиялық кезеңі өтіп жатыр. Бұл маңызды доданы Freedom Holding Corp. қолдап, International Chess Federation мен International School Chess Federation ұйымдастырып отыр.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Был төрт құрлық – Африка, Америка, Азия және Еуропа іріктеу кезеңдерін өткізеді. Әр құрлықтың жеңімпаздары Гранд-финалда кездесіп, әлем чемпионы атағын сарапқа салады.

Азия кезеңіне 19 елден 26 команда қатысады. Олардың қатарында Австралия, Үндістан, Қытай, Қырғызстан, Малайзия, Моңғолия, Өзбекстан, Филиппин және т.б. мемлекеттердің командалары бар. Жарысқа 8–14 жас аралығындағы мектеп оқушылары қатысып жатыр. Әр команда төрт негізгі және бір қосалқы ойыншыдан тұрады, сондай-ақ жарыс талабына сай құрамада кемінде бір ұл және бір қыз болуы міндетті.

Қазақстан атынан ұлттық іріктеу кезеңінен жолдама алған үш команда – Астанадағы SEED Uniker School, Алматыдағы Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейі, алматылық Республикалық физика-математика мектебі қатысады. Турнир 8 турдан тұратын швейцар жүйесі бойынша өтеді. Күн сайын екі турдан ойнатылып, әр партияға 45 минут және әр жүріске қосымша 10 секунд уақыт беріледі.

«Шахматқа төрт жасымнан бастап қатысамын. Кейінгі екі-үш апта бойы жарысқа тыңғылықты дайындалдым. Бұған дейін Қазақстан чемпионатында жүлделі орын алып, түрлі санаттағы жарыстарда тәжірибе жинадым. Сайысқа тастуын дайынмын, бар күшімді салып, ел намысын абыроймен қорғауға тырысамын», – дейді алматылық шахматшы Елсұлтан Қалиахмет.

Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турловтың айтуынша, құрлықтық іріктеудің осы кезеңінде жеңіске жеткен командалар желтоқсан айында өтетін мектептер арасындағы әлем чемпионатына командалық есепте әлем чемпионы атағы үшін бақ сынайды.

«Егер өзімнің оқушы кезімді елестетсем, қазіргі қатысушылармен бәсекеге түсу оңай болмас еді. Бірақ сол кезде шахматтың арқасында көптеген елдер мен қалаларды аралап, жаңа достар табуға болатынын білсем, бұл ойынға алдеқайда көп көңіл бөлер едім. Қазір елімізде шахматты дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер жасалған. Мемлекет қолдауының арқасында елімізде шахмат клубтарының саны рекордтық деңгейге жетіп, ел көлемінде өтетін турнирлер саны жыл сайын артып келеді», – деді ол.

Айта кетейік, 2026 жыл International Chess Federation және International School Chess Federation тарапынан «Білім беру-дегі шахмат жылы» деп жарияланған. Алматыда мұндай ауқымды форматтағы турнир тұңғыш рет өткізіліп отыр.



Суреттері түсіретін Самал СЕРІКБАЕВЛА



*Мен әкемнің ұлымын, аумай қалған,  
Сағыныштан көңілде лаулайды арман.  
Жерді жастық, аспанды көрге қылып,  
Менің әкем мәңгілік тауға айналған...*

## Әкем Өмірзақов Өжетбек Әділбайұлының өмірден өткеніне 15 жыл уақыт өтті. Көзі тірі болса, биыл 90 жас торқалы мерейтойын тойлар едік. Әттең...

Ойымды қағаз бетіне түсірмес бұрын, әкемнің жылдық асы қарсаңында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тарих факультетінің бастамасымен құрастырылып, басылған «Өмір нұры» атты естеліктер мен ғылыми мақалалар жинағын тағы бір рет парақтап шықтым. Әкеден жаңа ғана айырылып, жан жарам жазылмаған кездері кітаптап байыбына барып оқымасам керек. Жылдар өте мені өмірге әкеліп өсірген, жанымда жүрген әкемнің асқар таумен тең болғанын ұғынғандаймын. Әкем жайлы за-



Үйге қонақ шақыруға дайындық, ас мәзірі, келген мейманды күту, кейбір кісілерді үйлерінен алып келу – жеткізіп салу, орнын жинау жұмыстарына да бәріміз атсалысатынбыз. Төрімзде кімдер болмаушы еді: мүйізі қарағайдай ғалымдар, қоғам қайраткерлері, сыйлы қариялар, отбасылық жолдас-тар, туыстар, құда-жекжат, көрші-көлем, әке-шешесінің көзін көрген үлкен кісілер, санамалап айта берсең, саусағың жетпейтін. Тіпті, кейіннен бұл процеске күйеу балалар мен келіндер де белсене кірісетін. Үйде қандай шаруа жасалса, басы-қасында бәріміздің жүруімізді талап ететін. Барлық мерекеге бәріміз бала-шағамызбен тегіс жиналатынбыз. Осы дәстүр әкем өмірінің соңына дейін сақталды. Бірде-біріміз бұл үрдісті дәлелді себепсіз бұзбауға тырыстық.

Туған-туыс, өзінің қайын жұрты, дос-жаран дегенде жаңын үзіп беруге дайын тұратын. Көпшілігінің шаруасымен талай есікті тоздыратын. Үйімізден кісі үзілмейтін. Әсіресе, бала күнімде өзіміз отбасымызбен оңаша қалатын кездер әсте сирек болатын. Жатақханаға уақытылы орналаса алмай қалған студенттерін де үйге ертіп әкеліп, паналатып жүретін.

Мен жоғары оқу орнына түскенімде ауылдан қалаға оқуға түскен достарымды «үйлерін сағынып жүр ғой» деп ата-анамның қарсы болмайтынын біліп, үйге жиі ертіп әкелетінмін. Сонда әкем орнынан ұшып түрегеліп: «Мейір-бегімнің достары келді, Нұрзада, қазан көтер» деп қадірлі қонақ келгендегідей бәйек болып күтетін. Қай досым келсе де, сондай қонақжайлылығынан айныған емес. «Біз мәңгілік емеспіз, менің бір түйір ұлымның бауырлары да, жанашырлары да ертең осы жолдастары болады, сондықтан бұлардың достығының мықты болуына біздер де себепші болуымыз керек» деп отыратын. Айтқанындай, қазір сол достарым өмірдегі сенімді серіктеріме, бірге тумасақ та туғандай бауырларыма айналды.

*Кешегі әкемнің мен бүгінгімін,  
Кекілін жел тараған құлынымын.  
Алтын деген мен емес, менің әкем,  
Мен алтынның жәй ғана сынығымын.*

# «МЕНІҢ ӘКЕМ МӘҢГІЛІК ТАУҒА АЙНАЛҒАН...»

мандастарының, өмірлік жолдастарының, үзегілес әріптестерінің, шәкірттерінің, бауырлары мен отбасының жазған естеліктері жүрегімді тебірентті.

Адам өмірінің мәні қоғамға, халыққа, мемлекетке қызметімен, ғылымға қосқан үлесімен, жүріс-тұрысымен, мінез-құлқымен, құрған отбасымен, өсірген ұрпағымен, ата-анаға, туған-туысқа, дос-жаранға қарым-қатынасымен өлшенеді десек, менің әкем үлкен жетістікке жеткен, баянды бақытқа кенелген жан деп санар едім. Өйткені, осы санамалап өткендердің барлығы ол кісінің ғұмырынан орын алды. Оған перзенті болған мен де, айналасындағы ол кісіні білетіндер де куә.

*Әке – асқар тау, тұғыры ескі өмірдің,  
Тоғызымда толығып, көшке кірдім.  
Тауға шығу мен үшін қиын емес,  
Мен әкемнің мойнында өскен ұлмын.*

Әкеміз Алматы облысы, бұрынғы Қаскелең ауданының Өжет ауылында (қазіргі Алатау ауданы «Өжет» ықшамауданы) қарапайым отбасында дүниеге келіп шықты. Ата-анасы жалғыз ұлдарының бар жағдайын жасап, жоғары білім беріп, өмірден өз жолын табуына, адам ретінде қалыптасуына зор ықпалдарын тигізді. Әкем ұрпаққа деген бұл қамқорлықты зор мақтаншыпен үнемі айтып отыратын (әкемнің ыстық алақаны мен де сезініп өстім). Жоғары оқу орнын тәмамдап, мұғалім кәсібін игерген әкем өмір бойы өз ісіне адал болды. 75 жылғы ғұмырының 52 жылын ұстаздыққа, ғылымға, білімге, қоғамдық жұмыстарға арнады. Отбасын құрды, бес қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді, бәріне жоғары білім берді, өмірде қалыптасуларына жағдай жасады. Ата-анасын өмірлерінің

соңына дейін бақты-қақты. Қара шаңырақтың иесі болды, артық дүние-мүлікті қажет етпеді, көлік мінбеді, жылтырағанға қызықпады.

Түйіндеп айтқанда, әкеміз өнегелі, бірақ қарапайым ғұмыр кешті. Әрине, бұл бір адамның оқиғасы көпшілік қазақ перзентінің ғұмырына ұқсас стандартты көрінуі мүмкін. Алайда, оны ерекшелік тұратын көп дүниелер бар еді...

Менің жадымда ол ешқашан мойымайтын, шаршамайтын, көңіл күйін түсірмейтін, уайым-қайғыға салынбайтын, жалғыздықты сүймейтін, әйтеуір бір іспен айналысып жүретін, бір сөзбен айтқанда, байыз тауып бір орында отырмайтын белсенді, қайратты адам ретінде сақталды. Ес білгелі таң қылаң бергеннен әкемнің саңқылдаған жігерлі даусы бүткіл үйге естіліп жататын: бүгінгі күнге жоспары, анама беретін тапсырмалары, балалардың әрбіріне айтатын ақыл-кеңесі, ата-анасына алғысы, т.т.

Бәріміздің ортамызда таңғы асын тәбетпен ішіп алып, әрқайсымыздың маңдайымыздан иіскеп қоштасып, сүйікті жұмысына бару үшін ширақ қимылмен аялдамаға қарай аяңдайтын. Кешке үйде бәріміздің басымыз қосылғанда күні бойы бітірген шаруасы, жақсы адамдармен сұхбаты, студенттерінің ерекше қабілеттері жайлы, елдегі, әлемдегі жаңалықтар туралы баяндап, біздің жетістіктерімізді тыңдап, содан соң күнді қорытындылайтын. Шаршадым, жалықтым, ауырдым деген шағымдарым еш уақытта естілмейтін (өмірден кеткенге дейін айтпады). Ал кешке қағаздарын аударып-төңкеріп, кітаптарын парақтап, газет-журналды қарап, үнемі оқу үстінде болатын. Ойлы көздерімен кірпік қақпай бір нүктеге қадалып, ұзақ ойлануға, қағаз бетіне маржандай әріптерін тізе бастайтын. Осы күнделікті қимыл-әрекетінің өзі қазір ертегідей елестейді.

Көзді ашып-жұмғанша, аққан селдей, соққан желдей талай жыл өте шықты. Қазір өзім де қырықты еңсеріп, төрт ұлдың әкесі атанғанымда өткен жолымда әкем секілді іс тындырдым ба, әкем секілді кең, жомарт бола алдым ба, жақындарыма қамқорлық жасай алдым ба, ұлдарымды дұрыс тәрбиелеп жүрмін бе деген секілді сан сұрақ жиі мазалайды. Дәл әкем секілді бола алмасам да, ұқсап бағамын. Әке салған сара жолдан айнымай, анамды аялап, бес әпкеме сый-құрметімді көрсетіп, отбасы құндылығын сақтауға, әкеміздің көзін көрген үлкендерді ұмытпауға тырысамын.

*Көсем десең көсіліп жауға барам,  
Шешен десең шешіліп дауға барам.  
Мен анамды сағынсам – үйге барам,  
Мен әкемді сағынсам – тауға барам», –*

дейді қазақтың дарынды жас ақындарының бірі Иранғайып Күзембаев. Оның бұл шынайы шумақтары әке рухымен сырласуға арқау болғандай. Ғұмырында күллі әулеттің иесі, береке-бірлігінің бастауы, ырыс-ынтымағының сарқылмас қазынасы сол әкеміз, ғылым-білім үшін аянбай тер төгіп, абыз ақсақал ретінде даналығын бөліп, көзі жұмылғанша еңбек етіп өтті. Ұлы Абай айтқандай, соңына өнегелі ісі мен сөзін қалдырған әкені «өлді деуге бола ма?!». Сол бір өнегелі жанның өмірі бір адамға болса да үлгі дарытса екен деймін. Рухыңыз шат болып, жаныңыз жәннат төрінде болғай, қадірлі әке!

**Мейірбек ӘДІЛБАЕВ,  
қызметтегі полковник.**

## ҰЛТ МҰРАСЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінде «Сәнік оқулары» аясында республикалық «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. «Зейнолла Сәнік – жазушы, баспагер, редактор, этнограф» деп аталған байқаудың жеңімпаздарын марапаттау және тұлғаның рухани мұраларын дәріптеуге арналған жиын әйгілі этнографтың аты берілген дәрісханасында өтті.*

**Рая  
ЕСКЕНДІР**

Қаламгердің шығармаларын талдауға, әдеби мұрасын насихаттауды көздеген жиынға әдебиеттанушы ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, университет оқытушылары мен студенттер қатысты. Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасы Мереке Құлқенов бастаған қаламгерлер сөз алды. Басқосуға Қытай мемлекеттік сыйлығының иегері Әкпар Мәжитұлы да құрметті қонақ ретінде қатысты.

Алғашқы болып сөз алған Мереке Құлқенов:

– Зейнолла ағамыз жыл сайын, тіпті сәт сайын бізге жақындап келеді. Қазақтың

енді адам болам, журналист, ғалым болам деген балаларының бәріне Зейнолла Сәніктің ілімі қатты әсер етіп жатыр. Қытай жерінде жүріп те ұлтының жоғын жоқтап, зерттеп-зерделеген тұтас еңбегін қазақ ғылымының қазынасына қосқаны үшін алғысымыз шексіз. Осындай тұлғаның артында жоқтаушысы болып жүрген ұрпақтарына да дән ризамыз, – деген пікірін ортаға салды.

Ол сондай-ақ, дәстүрге айналып келе жатқан «Сәнік оқуларының» студенттердің шығармашылық шеберлігінің артуына мол әсер беріп жатқанын, шәкірттерін тұлғатануға бағыттап отырған университеттегі ұстаздарға да алғыс білдірді.

Басқосу аясында Қытайдың мемлекеттік «Тұлпар» әдеби сыйлығының лауреаты Әкпар Мәжитұлы студенттерге «Қытай және қазақ жазушыларының бір-бірімен мәдени байланысы» деген тақырыпта дәріс оқыды. Жиында қаламгердің ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі еңбегі мен тарихи тақырыптарды көркем бейнелеудегі шеберлігі кеңінен сөз болды.

Былтыр жазушының 90 жылдығына орай еліміз бойынша этнографиялық экспедиция ұйымдастырылып, зерттеу жұмыстары Орал өзенінің жағалауынан басталып, Еуропа аумағына дейін жалғасқан. Нәтижесінде ғалымдар ғылыми-танымдық эсселер мен ауқымды



мақалалар жинақтады. Бұл жұмыс «Қазақ әдебиеті кафедрасының» меңгерушісі, ғалым Самал Дәрібаевтың жетекшілігімен жүзеге асып, жас зерттеушілер үшін жаңа ғылыми бағыт қалыптастырды. Экспедиция материалдары биыл жарық көретін «Қазыналы қаламгер» жинағына енгізілмек.

«Дөңгелек үстелде» сөз алған сарапшылар Сәнік Зейнолла шығармаларының тәрбиелік маңызына ерекше тоқталды. Олардың пікірінше, жазушы еңбектері жастардың бойында отансүйгіштік пен рухани құндылықтарға деген құрметті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қатысушылар мұндай кездесулердің қазақ әдебиетін насихаттаудағы маңызына назар аударып, бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті. Қытайдан арнайы келген

жазушы Әкбар Мәжитұлы да іс-шараның ұлттық әдебиетті дәріптеудегі мәніне тоқталып, оның жас ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесін жоғары бағалады. Ал қаламгердің ұлы, кәсіпкер Қанат Сәнік ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Іс-шара соңында дәстүрлі «Сәнік оқулары» аясындағы байқау жеңімпаздары марапатталды. «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер» кафедрасының меңгерушісі, профессор Айгүл Рамазаннның айтуынша, байқауға «Үздік баспасөз жарияланым», «Дизайн өнерінің үздік туындысы» және «Үздік ғылыми жұмыс» аталымдары бойынша 19 жұмыс ұсынылған. Жеңімпаздарға қаржылай сыйлықтар табысталып, екі студентке «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының» арнайы шәкіртақысы берілді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



## ЖАҢА ФОРМАТ

**7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні. Атаулы датаға орай Ганди саябағында ерекше форматтағы ауқымды іс-шара өтті. «Денсаулыққа бірге. Ғылыммен бірге» деп аталған жиын салауатты өмір салтын насихаттап, медицина саласындағы ғылыми жетістіктерді көпшілікке жеткізуді мақсат етті.**

## Саябақтағы

## «денсаулық лабораториясы»

Алматыда атаулы дата айрықша аталып өтті

Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

Айтулы іс-шараны профессор Рузудинов атындағы жоғары медициналық-стоматологиялық колледжі Алматы қалалық Білім басқармасының қолдауымен ұйымдастырды. Ашық аспан астында, күрделі медициналық білімді қарапайым әрі қызықты форматта ұсынған «денсаулық лабораториясы» келушілерге ақпарат беріп қана қоймай, тәжірибелік түрде қатысуға мүмкіндік жасады.

Колледж мамандары жүрек-өкпе реанимациясының (ЖӨР) алгоритмін көрсетіп, алғашқы көмектің маңызын түсіндірді. Балалар мен ересектерге арналған «Қол гигиенасы» флешмобы, «Адамды құрастыр» интерактивті ойыны және спорттық жарыстар іс-шараның мазмұнын байыта түсті. Қала тұрғындарының назарын маңызды іс-шараға бұру үшін концерттік бағдарламалар да ұсынылды. Іс-шара барысында денсаулық жәрмеңкесі де ұйымдастырылып, отандық және шетелдік компаниялар өз өнімдерін таныстырды.

«Бұл күннің маңызы – халықтың назарын денсаулықты сақтау мен нығайтуға, аурулардың алдын алуға аудару. Биылғы іс-шараның басты ерекшелігі – медицинадағы ғылыми жетістіктерді қарапайым тілмен жеткізіп, оны халыққа жақындату болды. Біздің колледж бұл бастаманы белсенді қолдап, түрлі флеш-мобтар, спорттық ойындар және танымдық тұрғыда ұйымдастырды. Сонымен қатар, әртүрлі компания-



лардың өнімдерін таныстырып, келушілерге олардың пайдасы туралы кеңінен ақпарат бердік», – дейді колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ернұр Оразаев.

Жалпы, бұл іс-шара тек мерекелік форматпен шектелмей, қоғамға денсаулықтың маңызын түсіндіретін, ғылым мен тәжірибені ұштастырған маңызды алаңға айналды.

## ЛЕБІЗ

## Алғысқа лайық абзал жандар

№7 қалалық аурухана дәрігерлері науқас өміріне араша түсті

**Адам өмірі бәрінен қымбат. Сол өмірдің шырағын сөндірмей, үміттің отын өшірмей, дертіне дауа, жанына шипа болу – екінші бірінші қолынан келмейтін қасиетті іс. Бұл жолда ақ халатты жандардың еңбегі әрдайым ерекше құрметке лайық.**

Алматы қаласының денсаулық сақтау жүйесінде осындай кәсіби биік деңгей мен адами жауапкершілікті қатар ұстанған ұжымдардың бірі №7 қалалық клиникалық аурухана екені тағы бір мәрте айқын көрінді.

Жуырда ауыр халде түскен науқас Арынова Назгүл Рысбайқызына көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен жеделдігі бұл сөзіміздің нақты дәлелі. Өтіндегі тас асқынып, жанына бататын ұстама жиілеген шақта дер кезінде қабылданған шешім мен үйлесімді әрекеттің арқасында науқасқа шұғыл операция жасалып, оның өміріне төнген қауіптің беті қайтарылды.

Бұл ең алдымен аурухана басшысы Манас Ембергенұлы Рамазановтың ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілігінің нәтижесі деп білеміз. Басшының әрбір науқастың тағдырына бей-жай қарамай, нақты шешім қабылдауы бүкіл ұжым жұмысына серпін беретіні анық. Ұжымның бірізді әрі жүйелі жұмысы дәл осындай сәттерде айқын көрінеді.

Сонымен қатар, 1 хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Талғат Мұхитұлы Байтұрғановтың кәсіби біліктілігі мен



сабырлы шешім қабылдай білетін қасиеті ерекше атап өтуге тұрарлық. Хирургия саласында тәжірибе мен батылдық қатар жүретіні белгілі. Осындай сын сағатта дұрыс бағыт таңдап, науқастың жағдайын жіті бағалай білу үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Емдеуші дәрігер Сүйерқұл Жәнібек Асқарбекұлы да өз ісіне адалдықтың үлгісін көрсетті. Науқастың жағдайын тұрақтандыру, операцияға дайындау және отадан кейінгі күтімнің әр кезеңінде дәрігердің ұқыптылығы мен жанашырлығы айқын сезілді. Бұл тек кәсіби міндет емес, адам өміріне деген құрметтің көрінісі.

Операцияның сәтті өтіп, науқастың реанимациядан палатаға ауысуы бір ғана дәрігердің емес, тұтас ұжымның үйлесімді еңбегінің жемісі. Мұнда әрбір медбикенің, әрбір қызметкердің еңбегі бар. Қазақ

«Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді. Аурухана ұжымының осы бірлігі мен кәсіби үйлесімі адам өмірін сақтап қалуда шешуші рөл атқаратыны сөзсіз.

Бүгінде медицина саласына қойылатын талап жоғары. Тек білім мен тәжірибе ғана емес, адамға деген жанашырлық, сабыр мен төзім де аса қажет. №7 қалалық клиникалық аурухананың ұжымы осы талаптардың үдесінен шығып отырғанын

нақты іспен дәлелдеп келеді.

Алматы қаласы үшін мұндай медициналық мекемелер мен білікті мамандардың болуы үлкен мәртебе. Қала тұрғындарының денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген дәрігерлер қауымы әрдайым құрметке лайық.

Осы ретте науқасқа дер кезінде көмек көрсетіп, оның өміріне араша болған №7 қалалық клиникалық аурухананың басшысы Манас Ембергенұлы Рамазановқа, 1 хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Талғат Мұхитұлы Байтұрғановқа, емдеуші дәрігер Сүйерқұл Жәнібек Асқарбекұлына және барша медицина қызметкерлеріне шынайы алғыс білдіреміз.

Ақ халатты абзал жандардың еңбегі елене берсін. Ел алғысы сіздерге әрдайым серік болсын!

С.АНАРБАЙҰЛЫ.

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

**Әдетте кей балаларда өз шашын немесе тырнағын тістелеп жүретін жаман әдет болады. Мұндай әдет әдетте өсу жасындағы балаларда Психологиялық факторлардан, дағдылы мінез-құлықтардан, неврологиялық немесе психикалық бұзылыстар қалыптасады. Ал медицина тілінде мұны трихобезоар деп атайды. Егер оған сәл қаралса соңы күрделі отаға дейін алып келуі ғажап емес.**

## ТРИХОБЕЗОАР

Елеусіз әдет емсіз ауруға шалдықтырады

№2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасына бала күнінен өз шашын жууді (трихофагия) әдетке айналдырған жасөспірім түсті. 12 жастағы қыздың өзі жұтқан шашы асқазанында ірі түйіншекке айналған. Алматы хирургтары осынау күрделі отаны сәтті жасап шықты.

Күрделі болған себебі, жасөспірімге дәл осы диагнозбен бұрын екі рет операция жасалған екен: біріншісі – 2021 жылы Шымкент қаласында, екіншісі – 2024 жылы Семейде. Кез келген қайта жасалған операцияларда кездесетіндей, іш қуысында жабысқақ процестің (спайка) дамуымен қатар, отадан кейінгі тыртықтар пайда болып, асқазан қабырғасы едәуір өзгерген. Сондықтан бұл операция асқан дәлдікті, үлкен тәуекелді, мүлт кетпеуді талап етеді. Ал екінші аурухананың кәсіби дәрігерлері операцияны жоғары деңгейде орындады. Қазіргі күні науқастың жағдайы тұрақты деп бағалануда.

Айта кетейік, ауруханадан шыққаннан кейін бұл жағдай тағы қайталанбауы үшін баланың психиатрдың бақылауында болғаны жөн деген кеңес берді алматылық дәрігерлер.

Нұр ЖАМАЛ.




## КӨГІЛДІР ОТЫН

# МЕГАПОЛИСТІҢ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМЫ

## Алматы газға қашан көшеді?

**Бүгінде Алматы халқының бжартысынан астамы «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр. Ал оны елдімекендер мен әрбір тұтынушыға жеткізіп, табиғи газбен қамтамасыз ететін негізгі құрылым – «Qazaqgaz Aimaq» АҚ-ның Алматы өндірістік филиалы. Қазір алматылықтардың арасында газдың сапасы мен бағасына қатысты сауалдар бар. Сала маманы мен экологтан мән-жайды бағамдап көрген едік.**



(Сурет: ЖИ)

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА



Байқасаңыз, қазір қаланың энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жобаның басты бағдары – мегаполисті сенімді энергиямен қамтып, дәстүрлі энергия көздерінен газға көшу арқылы ауа сапасын жақсарту. Мұндай бастамалар Мемлекет басшысының Жолдауында да стратегиялық басымдық ретінде белгіленген.

2026 жылы 2,4 мың МВт дәстүрлі қуаттарды іске қосу жоспарланған. Жақында Алматы ЖЭО-2 алаңында қада қағу жұмыстары іс жүзінде аяқталды. Қосалқы учаскелерде, атап айтқанда, автотрансформаторлар астындағы іргетастарда соңғы кезеңдер жүргізіліп жатыр.

### Толық газдандыру кезеңіне қадам басты

«Qazaqgaz Aimaq» АҚ-ның Алматы өндірістік филиалының директоры Ақылбай Есболұлының айтуынша, Алматыдағы ірі жылу көздерін жаңғырту жұмыстары жоспарға сай жалғасуда. Атап айтқанда, Алматы ЖЭО-2 бойынша газ құбырларын монтаждау жұмыстары

толық аяқталған. Ал Алматы ЖЭО-3 нысанында сыртқы газ құбырлары толық дайын. Келесі кезең – қажетті технологиялық жабдықтарды орнату. Бұл жұмыстар аяқталған соң екі станция да табиғи газға көшіріліп, атмосфераға бөлінетін зиянды қалдықтар көлемі айтарлықтай азаяды деп күтілуде.

«Жылу көздерін газға көшіру – мегаполис үшін стратегиялық маңызы бар басымдықтардың бірі», – дейді Абылайхан Сапаров. Ол Алматыда газдандыру деңгейі



99,4%-ға жетіп отыр. Бұл қала аумағының іс жүзінде толық табиғи газбен қамтылғанын білдіреді деп санайды. Сала жетекшісінің сөзінше, барлық ауданда орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесіне қосылуға техникалық мүмкіндік бар. Газдандыру жұмыстары әсіресе, шеткі және жеке сектор басым аудандарда белсенді жүргізілді. Нәтижесінде қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуға айтарлықтай үлес қосылып отыр.

### Тариф құны қанша?

QazaqGaz Aimaq компаниясының Алматы өндірістік филиалы бірқатар қызметтерді тегін ұсынады.

Газға қосылуға арналған техникалық шарттар тегін беріледі, газ тарату жүйесіне бастапқы қосу жұмыстары ақысыз жүргізіледі, сондай-ақ алғашқы газ жіберу қызметі үшін төлем алынбайды.

Газға қосылуға арналған техникалық шарттар тегін беріледі, газ тарату жүйесіне бастапқы қосу жұмыстары ақысыз жүргізіледі, сондай-ақ алғашқы газ жіберу қызметі үшін төлем алынбайды.

Ал жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстары лицензиясы бар жеке компаниялар арқылы жүзеге асырылады. Бұл қызметтер бәсекелес ортада көрсетілетіндіктен, олардың бағасы нарық жағдайына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан бірыңғай немесе орташа тариф белгіленбеген.

Құрылыс жұмыстарының сапасы тиісті органдардың бақылауында. Алматы ЖЭО-2 аумағында қадаларды қағу жұмыстары толық аяқталған. Ал құрылыс сапасын бақылау, техникалық қадағалау және тәуелсіз аудит жүргізу мәселелері тиісті мемлекеттік органдар мен тапсырыс беруші құрылымдардың жауапкершілігінде.

## СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



**Абай МАМЫТХАНҰЛЫ,**  
экологиялық  
саясат саласындағы  
сарапшы:

### Жеке сектор әлі де қатты отынға тәуелді

Ластанудың ең үлкен үлесі (39%) жылу электр станцияларынан келеді деген ғылыми тұжырыммен толық келісе алмаймын. Алматы ауасының ластануында автокөлік шығарындыларының зиянын кем бағалап, негізгі кінәні көмір энергетикасына арту дұрыс емес деп санаймын. Шындыққа тура қарасақ, ТЭЦ-2 мен ТЭЦ-3-ті толықтай газға көшіру жұмыстары жүргізілуде, яғни бірінші станция газға көшірілген, ал ең қуатты екі электр станциясы Алматыдан қашық орналасқан, олардың шығарындылары қаланың атмосферасын ластанайды. Сондықтан ғалымдардың Алматы ауасының ластануындағы негізгі үлес электр станцияларына тиесілі деген пікірі толық негізді емес деп есептеймін.

Бұл көмірмен жұмыс істейтін станцияларды жауапкершіліктен босату немесе ақтау дегенді білдірмейді. Объективті әрі әділ бағалау керек. Иә, көмір энергетикасы да ауаны ластайды, бірақ бұл негізінен жел бағыты станциялар орналасқан аумақтан қалаға қарай соққан кезде байқалады, ал мұндай жағдай жиі бола бермейді. Сонымен қатар, 2020-2021 жылдардағы постковидтік кезеңде автокөлік қозғалысына шектеу қойылған кезде Алматы атмосферасының айтарлықтай тазарғаны ластанудың негізгі көздерінің бірі автокөлік екенін айқын көрсетті.

Жеке секторды газдандыру деңгейі 99,4 пайызға жеткені айтылып келеді, ал қалған 907 үй жақын арада қосылады екен. Іс жүзінде Райымбек көшесінен төмен орналасқан жеке секторда газдандыру жұмыстарының әлі толық аяқталмағанын көріп отырмыз. Газдандыру бойынша жарияланған шараларға қарамастан, Алматының тұрғын үй секторы мен оған іргелес аумақтар әлі де көмірге, биомассаға және тұрмыстық қалдықтарға тәуелді.

Алматының жылу электр орталықтарындағы көмір мен мазутқа негізделген жылу жүйелерін газға ауыстыруды барынша жеделдетіп, бұл үшін нақты мерзім белгілеу қажет. Газға толық көшуді күтпей-ақ, энергетика кәсіпорындарын улы қоспаларды шығаратын мұржаларға шығарындыларды барынша азайтатын ауа сүзгілерін шұғыл орнатуға міндеттеу керек. Бұл талаптарды орындамаған жағдайда қатаң шаралар қолданып, ірі айыппұлдар салынуы тиіс.

## ҚАЛА КЕЛБЕТІ

## Жасыл желек жүйелі күтімде

**Шаһарда 7 сәуірден бастап жасыл желектерді биологиялық дәрілеу маусымы басталды. Жұмыстар ағаштардың жағдайын жақсартуға, олардың зиянкестерге төзімділігін арттыруға және қаладағы экологиялық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған. Бұл туралы қалалық Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары айтты.**



Досбол  
АТАЖАН

Дәрілеу жұмыстары жалпы пайдаланымындағы аумақтардағы шамамен, 2,3 млн. жасыл желекті қамтиды. Іс-ша-



ралар тиісті лицензиясы бар мамандандырылған мердігер ұйымдардың қатысуымен кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Биыл дәрілеу жұмыстары төрт кезең бойынша ұйымдастырылады. Айталық, 7 сәуір – 30 мамыр аралығы – бірінші кезең; 1 маусым – 30 маусым – екінші кезең; 5 шілде – 5 тамыз – үшінші кезең болса, соңғы кезең 15 тамыз бен 20 қыркүйек аралығында болады.

Басқарма өкілдерінің айтуынша, жұмыстар негізінен түнгі уақытта жүргізіледі. Бұл күн сәулесінің тікелей әсері болмағандықтан, препараттардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Дәрілеу барысында қолданылатын биологиялық және қажет болған жағдайда химиялық препараттар сертификатталған, қауіптілігі төмен және адамдарға, құстар мен жануарларға қауіпсіз.

– Кейінгі жылдары жүргізіліп келе жатқан жүйелі дәрілеу жұмыстары жоғары тиімділік көрсетіп отыр. Бұл зиянкестер санын азайтып, қалалық жасыл желектердің тұрақты күйін сақтауға ықпал етеді. Аталған жұмыстар қаланы көгалдандыру және экологиялық ортаны сақтау бойынша кешенді іс-шаралар аясында жүзеге асырылуда, – деді басқарма өкілдері.

## ЭКОЛОГИЯ

**Қалада атмосфералық ауаны қорғау мақсатында автокөліктердің зиянды шығарындыларына тұрақты бақылау жүргізіліп жатыр.**

## Талапқа сай болмай тұр

Экологиялық бекеттерде ұйымдастырылған кезекті мониторинг нәтижелері қаладағы көлік құралдарының бір бөлігінде экологиялық талаптардың сақталмай отырғанын көрсетті.

«Eco Almaty» ЖШС ұсынған мәліметке сәйкес, 30 наурыз бен 4 сәуір аралығында автокөліктердің пайдаланылған газдарындағы улы заттар мен түтін деңгейіне 4453 өлшеу жүргізілген. Оның ішінде 4404-і бензинмен жүретін көліктерге, ал 49-ы дизель отынын пайдаланатын автокөліктерге тиесілі.

Тексеру қорытындысы бойынша 715 көлікте белгіленген экологиялық нормалардың асып кеткені анықталды. Бұл жалпы тексерілген көліктердің шамамен, 16%-ын құрайды. Атап айтқан-



да, 693 жағдайда көміртегі тотығының (CO) деңгейі жоғары болса, 22 деректе түтін мөлшерінің шекті деңгейден асқаны тіркелген.

Аталған заңбұзушылықтар бойынша полиция қызметкерлері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 334-бабына сәйкес әкімшілік хаттамалар толтырды.

Мамандардың айтуынша, мұндай бақылау шараларының басты мақсаты – қаладағы экологиялық ахуалды тұрақтандыру және автокөліктерден бөлінетін зиянды заттардың көлемін азайту. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



## ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 6 сәуірдегі №2/195-422 қаулысыЖер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы  
(жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 3 ақпандағы №47.2-47.07/238-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2028 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы инженерлік желілерді орналастыру үшін Алматы қаласы, Медеу ауданында орналасқан, жалпы ауданы 0,0470 га жер учаскесін меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 6 сәуірдегі №2/195-422 қаулысына қосымша

## Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы ауданы, га	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы, га
1	20-315-931-211	Медеу ауданы, «Думан» шағынауданы, 30/1 учаске	0,4155	0,0120
2	20-315-931-198	Медеу ауданы, «Думан» шағынауданы, 30/1 учаске	5,7092	0,0280
3	20-315-059-166	Медеу ауданы, «Думан» шағынауданы, 61/1 учаске	0,3414	0,0070

## ПЛАН ГРАНИЦ ПУБЛИЧНОГО СЕРВИТУТА

Для размещения наружных инженерных сетей по объекту:  
"Строительство поликлиники на 500 посещений"  
в мкр. Думан, Медеуском районе

Масштаб 1:11000

Условные обозначения:

- проектные границы публичного сервитута

1. 20315931211 площадь - 0,0120 га

2. 20315931198 площадь - 0,0280 га

3. 20315059166 площадь - 0,0070 га

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 7 сәуірдегі №2/195-423 қаулысы

## Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтату туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабының 4-тармағына сәйкес және «Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 23 желтоқсандағы №41.2-41.05/1478-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 19 ақпандағы №1/1-312 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына сәйкес жүргізілетін, жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі тоқтатылсын.

2. Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 19 ақпандағы №1/1-312 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысының күші жойылсын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) аталған қаулыны «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалына мәлімет үшін жолдасын;

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 8 сәуірдегі №2/195-426 қаулысыЖер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы  
(жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 9 ақпандағы № 47.07/265-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2029 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы инженерлік желілерді (электрмен жабдықтау) шығару үшін Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Казаков көшесінде орналасқан, ауданы 0,0225 га жер учаскесіне меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және осы қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскесінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 8 сәуірдегі  
№2/195-426 қаулысына қосымша

## Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы ауданы, га	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы, га
1	20-314-063-280	Жетісу ауданы, Казаков көшесі, 13 А	0,8972	0,0012
2	20-314-063-194	Жетісу ауданы, Гончаров көшесі, 23-үй	2,1976	0,0005

## ПЛАН ГРАНИЦ ПУБЛИЧНОГО СЕРВИТУТА

Для выноса наружных инженерных сетей (электрообеспечения)  
в Жетісуском районе, ул. Казакова, 13-А

Масштаб 1:1000

Условные обозначения:

- проектные границы публичного сервитута

20314063280 площадь - 0,0012 га

20314063194 площадь - 0,0005 га

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 8 сәуірдегі №2/195-427 қаулысыЖер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы  
(жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 9 ақпандағы № 47.07/267-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2029 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы инженерлік желілерді (сумен жабдықтау) шығару үшін Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Казаков көшесі, 13 А үй мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-314-063-280, жалпы ауданы 0,8972 га жер учаскесінің ауданы 0,0700 бөлігін меншік иесінен (жер пайдаланушыдан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және осы қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иесін (жер пайдаланушыны) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскесінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 8 сәуірдегі  
№2/195-427 қаулысына қосымша

## Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы ауданы, га	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы, га
1	20-314-063-280	Жетісу ауданы, Казаков көшесі, 13 А	0,8972	0,0700

## ПЛАН ГРАНИЦ ПУБЛИЧНОГО СЕРВИТУТА

Для выноса наружных инженерных сетей (водоснабжения)  
в Жетісуском районе, ул. Казакова, 13-А

Масштаб 1:1000

Условные обозначения:

- проектные границы публичного сервитута

20314063280 площадь - 0,0755 га

Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 293-08-03.Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).Бас директордың шығармашылық  
жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.Бас редактор – **Есхат БОЖАН**  
тел.: 293-52-24.Бас редактордың орынбасары –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел.: 293-52-36.Жауапты хатшы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел.: 293-52-43.Ақпараттық-талдау  
бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**Саясат және экономика  
бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**Цифрлық инфрақұрылым және кері  
байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**  
тел.: 293-52-36.Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 293-08-12. E-mail:  
[rekalatauqparat@gmail.com](mailto:rekalatauqparat@gmail.com)Жарнама және  
тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauqparat@gmail.com](mailto:rekalatauqparat@gmail.com)  
тел.: 293-08-25  
8 707 948 73 78Шығармашылық даму  
жөніндегі кеңесКеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША  
ШАҒЫМДАР БОЛСА...«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңызРеспубликаға тарайтын қоғамдық-  
саяси қалалық басылым.Меншік иесі:  
«Alatau Aqparat» ЖШС.E-mail:  
[alatauqparat@gmail.com](mailto:alatauqparat@gmail.com)Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.Газет аптасына 2 рет,  
сейсенбі және жұма күндері  
шығарылады.  
Нөмірдің таралымы –  
10 360 дана (жұма)Кезекші редактор –  
**Рая ЕСКЕНДІР**Газет «Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің Ақпарат комитеті»  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№ KZ17VPY00085956  
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
Суреттердің сапасына  
редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама беруші  
жауап береді.Автордың мақалалары редакция  
көзқарасын білдірмейді.  
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да  
басылды. 050026, Алматы қаласы,  
Мұқанов көшесі, 223 В.  
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00  
Офсеттік басылым,  
көлемі 2 баспа табақ.«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»  
әуе компаниясының бизнес-класс  
бортында және «Жолаушылар  
тасымалы» АҚ пойыздарындағы  
жолаушыларға қолжетімді.

## КАЛА СИМВОЛЫ

## БАТЫС ТЯНЬ-ШАНЬ

## ЮНЕСКО қорғауында

**ЮНЕСКО-ның тізіміне енген Батыс Тянь-Шаньның Қазақстанға қарайтын жағында жүргізілген зерттеудің нәтижесінде 3290 жан-жануардың түрі табылды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «Зоология институты» арахнология және басқа да омыртқасыздар зертханасының меңгерушісі Айдын Есжанов 2024-2025 жылы жүргізілген үлкен зерттеудің қорытындысын көпшілікке таныстырды.**

### БАРЫС >>> Жыртқыштар отряды >>> Мысықтар тұқымдасы

Барыс - аталық:



3-4



43

113-137 см



Бүкіл әлемде оның саны болжам бойынша шамамен

4 000–6 400 бас

Бүгінде Іле Алатау ұлттық паркі аумағында есепке алынған барыс саны

39 бас

Қазақстанда:

141-183 бас

Әлемде:

4731-7465 бас

## ҚАУІП-ҚАТЕР



Қаскерлік



Қорегінің азаюуы



Тіршілік ортасының тозуы



Климаттың өзгеруі

сында 1013 жәндік түрі, 170 гидробионт, 136 өрмекшітәрізді, 50 моллюска мен 7 гельминт түрі анықталған.

Адам аяғы сирек басатын биік шыңдарды мекендейтін қар барысы кейінгі кездері Алатаудың етегінен жиі көрініп жүр. Фотограф Нұртілеу Нышанбай Алматы маңындағы таулардың етегіне түскен қар барысын таспалап үлгерген. Ол әлеуметтік желідегі парақшасында жыртқыш аңның суреттерін жариялап, пікір білдірді.

«Қар барысын таудың етегінен көру –

сенсация емес, табиғаттың бізге жасаған үнсіз ескертуі. Алматының символына айналған қар барысы бұл жолы таудың биігінде емес, адамдарға жақын маңда жүрді.

Оның төменге түсуінің бірнеше себебі болуы мүмкін. Біріншісі – қорек тапшылығы. Тауда аң азайып, мекен ету аумағы тарылып барады. Адам саны артқан сайын, барыстың тіршілік кеңістігі де шектеліп келеді. Екінші себеп – буаз болуы мүмкін. Буаз жыртқыш артық күш жұмсамайды, қауіпке де сирек барады. Сол себепті, ол бұғыны таудан до-

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алексей ГРАЧЕВ, Зоология институты териология зертханасының меңгерушісі:

## Қар барысы көбейіп келеді

Қырғыз Алатауында кемінде сегіз ілбістің мекендейтіні расталған, олардың арасында төлдегендері де бар. Бұл өте маңызды нәтиже, себебі ол түрдің бар болып қана қоймай, осы аумақта көбейіп жатқанын да көрсетеді. Дәл осы зерттеу нәтижесі 2025 жылдың соңында қар барысын (ілбісті) қорғайтын «Мерке» өңірлік табиғи паркін құруға ғылыми негіз болды.

Батыс Тянь-Шань қар барысын сақтауда ерекше рөл атқарады, себебі мұндағы популяция жаһандық таралу аймағының шетінде орналасқан және оның тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мұндай шеткі топтар өте маңызды, өйткені олар ареалдың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, популяцияның генетикалық және экологиялық әртүрлілігін сақтауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ғалымдар болашақта қар барысы бұрын Түркістан қаласынан небәрі 50 шақырым жерде мекендеген Қаратауға қайта оралуы мүмкін екенін айтады. Қар барысының Қаратауда табиғи түрде қайта қалпына келу мүмкіндігі бар деп айтуға болады, егер қорек базасы, мекен ету ортасы сақталып, жақсылап қорғайтын болса. Бұл алдағы бір-екі жылда бола қоюы екіталай, бірақ қажетті алғышарттар қазірдің өзінде қалыптасты.

малатып, жол маңында бірнеше күн қорек етіп жатты.

Ең алаңдатарлығы – ол адамнан да, көліктен де қорықпады. Бұл батылдық емес, әлсіреудің белгісі болуы мүмкін. Табиғаттың шегіне жеткенін осындай көріністерден аңғаруға болады. Қар барысы – жыртқыш жануар, бірақ ол ешқашан себепсіз төменге түспейді. Егер ол қалаға жақындай бастаса, демек, адам табиғаттың өз шекарасынан асып кеткені.

Алматының символын көріп сүйсінеміз. Алайда, ойлануымыз керек. Ертең ол тауда қала ма, әлде біз оны тек тарих беттерінен ғана көретін боламыз ба?», – деп жазды ол әлеуметтік желідегі парақшасында.

Әзірлеген  
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

## ТАБИҒАТ СЫЙЫ

**Көктем келіп, күн жылынғалы құстардың шықылықтаған үні де көбейіп, айналаны әнге бөлеуде. Иә, құс та тіршілік иесі, табиғаттың сәні, өмірдің бір бөлшегі. Елімізде құстың 520-дан астам түрі тіркелген екен. Олардың шамамен, 400-і ұя салатындар.**

## ҚҰСТАРҒА ҰЯ ЖАСАЙЫҚ

шегеді. Ал көгершіндер құс тұмауы мен орнитоз сияқты аурудың тасымалдаушысы болуы мүмкін. Сонымен қатар, құстар ұшақ апатына да себеп болуы ықтимал. Олардың әуедегі ұшақтармен соқтығысып қалып жататыны туралы жиі естиміз. Қуанышқа орай оқыс жағдайлар болған емес.

Спикердің сөзіне сүйенсек, орнитофауна бүгінде біраз күрделі қауіп-қатерге тап болып отырған көрінеді. Негізгі қауіпті қатарында инфрақұрылымның дамуы мен пайдасы қазба өндіруге байланысты құстардың табиғи мекен ету ортасының жойылуы, ландшафттың өзгеруі, сулы-батпақты алқаптардың құрғауы, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ заңсыз сауда мен браконьерлік жиі аталады. Жел энергетикасының дамуы да әсерін тигізуде.

Энергетика саласының қарқынды дамуына байланысты тоққа түскен, электр сымна шырмалып қалатын құстар да көбейген. Мысалы, ителгі электр желісіне жиі түсіп өледі екен. Дәл осы дала қыранының саны заңсыз аулану кесірінен шамамен, 90%-ға дейін қысқарып кеткені. Сұлу тырна

мен жорға дуадақ та жаппай ауланатындықтан сиреп барады. Жалпы, әлемдік деңгейдегі дерекке үңілсек, тіршілігімізде бар құстар санының шамамен жартысы

азайған. Ал біздің елде қазір «Қызыл кітапқа» 58 түрі енгізілген. Сергей Скляренко бұл тізімнің алдағы уақытта әлі де толығыуы мүмкін екенін айтып қалды.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сергей СКЛЯРЕНКО, орнитолог:

## Торғай мен қарлығаш сиреп барады...

Алматының орталық бөлігінде бұл күнде өзімізге етене таныс торғай мен қарлығаштың саны айтарлықтай азайған. Бұл қалалық ортаның өзгеруімен байланысты. Ал су құстары, керісінше, қыстап қалуды жиілеткен. Мысалы, барқылдақ үйректер мақз қатпайтын су айдындарын мекендеп, адамдардан үрікпейді. Сонымен қатар, қалада оляпка мен сирек кездесетін көк құстар да жиі байқала бастады. Әр адам құстарды сақтауға үлес қоса алады. Ол үшін оларға жағдай жасап, өсімдікті көбірек егіп, ал жапырақты толық тазалап тастамау керек. Себебі, жәндіктер жапырақ астында қыстайтындықтан бұл құстар үшін таптырмас қорек көзі. Сонымен қатар, ауықтарды шамадан тыс химиялық өңдеуді азайтып, құстарға судан таршылық көрмейтіндей жағдай жасау қажет. Мысалы, қыста құстарды, әсіресе, сарышымшықтарды қоректендіріп тұру керек. Жылы мезгілде аулалар мен балконға су ішетін ыдыстар қойып, қолдан ұя жасап ілуге болады. Құстарды сақтау мен аялауды экология мәселесі ғана емес, жайлы ортаның тұрақты дамуына және адамдардың өмір сүру сапасына әсер ететін маңызды фактор деп қараған дұрыс.